

«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Болысбаева Айнура Қанаписвнаның «Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанында бағдарламаның (жобаның немесе орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым	Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеуші Қазақстанның әр аймағынан алынған терең сұхбаттар мен өзін-өзі сауалнамалар қолдана отырып, әйелдердің жеке діни тәжірибелерін тарихи-мәдени контексте түсіндірген. Бұл қазақтан мұсылман әйелдерінің діни идентификациясының ішкі мотивациясы мен әлеуметтік ықпалдарын терең талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу қазақ мәдениетіндегі тарихи дәстүрлер мен қазіргі жаһандық исламдық ағымдардың өзара қарым-қатынасын талдай отырып, әйелдердің діни тандауындағы дәстүрлік және заманауи элементтердің сұқбатын ашады. Бұл Қазақстандағы жалпы гуманитарлық ғылымдардағы әлеуметтік жаңғырту мен рухани жанару мәселелеріне жаңа дискурсивтік өрісті ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Деректерге негізделген дәлелдемелік стиль ерекше шетелдік және отандық статистикалық мәліметтер нақты көрсетілген (Pew Research Center болжамдары, Қазақстандағы мешіт саны мен халық санағы нәтижелері) әрі олар дереккөздерге сілтемелер арқылы дәлелденген. Сандық көрсеткіштер мен салыстырмалық талдауды әр бөлімде тұжырымды түрде баяндаған. Сөйлемдер қарапайым, бірақ академиялық регистр сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Ізденуші еліміздегі мұсылман әйелдердің діни бірегейленуін зерттеу қазіргі Қазақстан қоғамындағы діни көріністерді түсіну үшін стратегиялық мәнге ие екенін негіздейді. Ұлттық статистика бойынша Қазақстандағы мешіттердің саны 1990–2020 жылдары 46-дан 2 689-ға дейін (58 есе) өскені, мұсылман әйелдер саны абсолютті 2009 жылы 11,2 млн-дан 2021 жылы 13,3 млн-ға дейін өскенін көрсету арқылы тақырыптың заманауи Қазақстан үшін өткір проблематика екенін дәлелденеді. Ресей мен Батыс елдеріндегі мұсылман әйелдер туралы зерттеулердің деректеріне қарамастан, Қазақстан контекстінде әйелдердің діни бірегейленуін кешенді талдайтын арнайы ғылыми еңбектің жоқтығы зерттеудің өзектілігінде басты негіз ретінде дәйектелген. Диссертация мазмұны «Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» тақырыбын айқындап, жан-жақты ашды. Бірінші тарауда зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері берілген. 1.1 бөлімшеде «ислами бірегейлік» ұғымы әлеуметтік феномен ретінде анықталады, 1.2 бөлімшеде діни бірегейленуді әйелдер контекстінде қарастыратын негізгі концептуалдық тәсілдер жүйеленеді. Екінші тарау діни бірегейліктің тарихи қалыптасу ерекшеліктері талданған.

		2.1 бөлімде казак әйелдерінің діндарлық тәжірибесінің хронологиялық тарихы (Қазақ хандығынан Кеңес кезеңіне дейін) қамтылып, осы дәстүрдің тарихи тамырлары мен мәдени контексті ашылса, 2.2 бөлімде постсекулярылы кезеңдегі заманауи Қазақстандағы мұсылман әйелдерінің бірегейлену типтері мен олардың пайда болу себептері талданады. Үшінші тарау қазіргі мұсылман әйелдерінің бірегейлену тәжірибесі және даму перспективаларын зерттеуге арналады. 3.1 бөлімшеде автор әйелдердің күнделікті өміріндегі діни тәжірибе мен оның әлеуметтік-мәдени ықпалын әлеуметтанулық деректер негізінде баяндайды; 3.2-бөлімде экстремизмнің «феминизациясы» феномені қарастырылып, діни бірегейленудің қауіпті тежеу факторлары талданады; 3.3-бөлімде тақырыптың болашаққа арналған перспективалары мен туындайтын проблемалар қорытындыланады әрі оларды шешу жолдары ұсынылады. Осы бөлімдер зерттеу пәнін қазіргі заман контекстінде толықтыра отырып, практикалық және болашақ зерттеу тұрғысынан айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сай келеді. Ізденісте діни бірегейлік және исламдық бірегейлікті зерттеу тақырыпта айтылған «діни бірегейлік» ұғымының теориялық негізін түсіндіру үшін қажет; Мұсылман әйелдерінің діндарлығын зерттеу концепцияларын талдау арқылы әйелдердің діни бірегейлігінің қалыптасуында діндарлықтың рөлі негізгі фактор екені дәлелденеді; Дәстүрлі казак қоғамындағы әйелдер діндарлығын зерттеу қазіргі діни бірегейлікті тарихи-мәдени контексте түсінуге мүмкіндік береді; Постсекулярылы қоғамдағы исламдық бірегейліктің түрлері мен себептерін анықтау арқылы қазіргі Қазақстанның жағдайында діни бірегейліктің қалыптасуы сипатталады; «Жусан» операциясы аясындағы феминизацияланған экстремизмді зерттеу діни бірегейліктің радикалдануымен байланысты тәуекелдерді талдау тақырыпты тереңірек ашады; Ислами бірегейліктің болашақ даму мүмкіндіктері мен тәуекелдерін болжау тақырыпқа сай аналитикалық және болжамдық қадам болып табылады
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан;	Диссертациялық жұмыстың құрылымы толық логикалық байланысқан. Бірінші бөлім діни бірегейлік және исламдық діндарлықтың теориялық-методологиялық негіздері зерттеудің теориялық базасын құрайды. Бұл бөлімде діни бірегейлік, исламдық діндарлық мәселесіне қатысты ұғымдар мен концепциялар қарастырылады. Бұл тақырыптың іргетасын қалауға және зерттеу объектісін

		3) байланыс жоқ.	ұғымдық тұрғыда нақтылауға бағытталған. Екінші бөлім қазақ қоғамындағы әйелдер діндарлығының тарихи және мәдени контексті дәстүрлі қазақ қоғамындағы діндарлықтың ерекшеліктерін сипаттай отырып, қазіргі мұсылман әйелдерінің діни тәжірибесін тарихи сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл бөлім арқылы зерттеліп отырған құбылыстың тамырларын анықтау жүзеге асады. Үшінші бөлім қазіргі Қазақстандағы мұсылман әйелдерінің діни бірегейлігі: тәжірибесі, мотивациялары және қауіптері зерттеу жұмысының эмпирикалық негізін құрайды. Бұл бөлімде қазіргі мұсылман әйелдерінің діни өмір салты, оны қабылдау себептері, «Жусан» операциясымен байланысты жағдайлар және экстремизмге бейімділік мәселелері талданады. Сонымен қатар, діни бірегейліктің даму болашағы мен ықтимал тәуекелдер қарастырылады. Осы диссертация құрылымының әр бөлімі алдыңғы бөлімдермен мазмұндық және логикалық байланыс орната отырып, біртұтас зерттеу шеңберінде тақырыпты жан-жақты ашуға бағытталған. Бұл зерттеудің ғылыми тұтастығын және негізділігін қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдер жеткілікті дәлелденген және осы тақырып бойынша зерттеулердегі ғылыми шешімдер мен қорытындылармен жеткілікті салыстырмалы талдау жасалған. Ізденуші өзінің ғылыми тұжырымдарының ерекшеліктерін нақты көрсете білген. Бұрынғы зерттеулерде мұсылман әйелдерінің діни тәжірибесі көбіне «дәстүр мен модернизация» не «саяси ислам» шеңберінде қарастырылып келсе, бұл диссертацияда феминистік және әлеуметтік конструктивистік көзқарастар синтезделіп, әйел субъектісінің өзі таңдау жасаушы агент ретінде қарастырылады. Автор ұсынған типология мен себептер жіктемесі бұрынғы тек формалистік немесе догматикалық әдістерден гөрі нақты эмпирикалық материалға негізделген, сонымен қатар посткеңестік Қазақстан жағдайына бейімделген.
		5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қағидағтары толығымен жаңа. Автор діни бірегейлікті бірыңғай догматикалық құрылым ретінде емес, әлеуметтік, мәдени, және гендерлік факторлармен күрделі байланыста дамитын динамикалық құбылыс ретінде қарастырады. Зерттеу постсекулярлы қоғамда (яғни дінге қайта бет бұру жүріп жатқан секулярлы ортада) әйелдердің діндарлығы қалай қалыптасатынын саралап, дін мен зайырлы құндылықтардың тоғысында пайда болатын қайшылықтарды сипаттайды. Автор «Жусан» операциясынан
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі		

		қайтарылған әйелдер мысалында экстремизмге әйелдердің тартылу себептерін тек саяси не идеологиялық емес, сонымен қатар тұлғалық, психологиялық және әлеуметтік мотивтер тұрғысынан саралайды. Бұл тұрғыда әйелдер радикалдануының гендерлік қырын ашатын жана тәсіл ұсынылған. Хиджаб кию, намаз оқу және басқа діни тәжірибелерге әйелдердің бет бұруының рухани, әлеуметтік, символикалық және жеке даму қажеттілігі сияқты көп деңгейлі мотивацияларын жіктеу ұсынылады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Ізденуші 7 жаңалық бойынша қорытындылар жасайды. Бірінші жаңалығы діндарлықтың авторлық классификациясын ұсынуы. Бұл классификация алғаш рет қазақ қоғамының шынайы діни ахуалына икемделіп жасалған. Хиджаб пен дәстүрлі қазақ киімінің салыстырмалы сараптамаcы берілген. Автор алғаш рет киім үлгілерін тарихи дерек көздер арқылы салыстырып, эксперимтік баға ұсына отырып, қазіргі дискуссияға теориялық және эмпирикалық негіз қосып отыр. Діндарлықтың бес өлшемдік құрылымы арқылы сауалнама нәтижелерін сарапталған. Бұл діндарлықты кешенді түрде бағалаудың жаңаша, интегративті тәсілі десе болады. Автордың инсайдерлік терең сұхбаттар арқылы әйелдердің дінге келу себептерін анықтауы әдістемелік тұрғыдан да, дерек сапасы тұрғысынан да тың тәсіл. Феминизацияланған экстремизмге қатысты әлеуметтік-психологиялық портрет құрастырып, әйелдердің радикалдану кезеңдерін модельдеген. Әр кезең нақты мысалдармен дәлелденген және бұл модель алдын алу, профилактика жұмыстарына ғылыми негіз бола алады. Автор діндарлықтың болашақтағы дамуын тек діни тұрғыдан емес, қоғамдық құрылым, білім беру, медиа, мемлекеттік саясат тұрғысынан кешенді талдаған.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда сандық талдау әдістері қолданылған. Сауалнама деректері статистикалық талдау, соның ішінде кластерлік бөлу, корреляциялық байланыстарды анықтау секілді құралдар арқылы өңделген. Бұл тәсілдер қазіргі әлеуметтік зерттеулерде кең таралған және технологиялық прогрестің бір бөлігі ретінде бағаланады. Радикалдану мен экстремизмнің алдын алуға қатысты ұсыныстар әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Ал бұл фактор елдің инвестициялық тартымдылығы мен экономикалық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Әйелдердің діни әлеуетін дұрыс бағыттау арқылы оларды қоғам мен нарықтық ортаға тиімді интеграциялау (мысалы, білім беру, әлеуметтік

		қызмет, медиасала) — адам капиталын тиімді пайдалануға жол ашады. Бұл экономикалық әлеуетті арттырудың ұзақ мерзімді факторы болады. Зерттеу нәтижелері негізінде мемлекеттік құрылымдарға, әсіресе Дін істері комитеті, Білім және ішкі саясат салаларына арналған нақты ұсыныстар берілген (мысалы: ақпараттық жұмыс, алдын алу, жастармен жұмыс, отбасылық саясаттағы дінмен байланысты механизмдер). Автор ұсынған 4 кезеңдік радикалдану процесі экстремизмнің алдын алуға бағытталған басқару стратегияларын әзірлеуге нақты негіз бола алады. Бұл ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарына аналитикалық модель ретінде құнды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Зерттеуде жасалған барлық негізгі қорытындылар заманауи дінтану, әлеуметтану және мәдениеттану теорияларына сүйене отырып, кең ауқымды эмпирикалық деректермен (сауалнама, тереңдетілген сұхбат, архивтік фотосуреттер, БАҚ материалдары, контент-талдау) дәлелденген. Автор діндарлықтың ішкі құрылымын модельдеу барысында көпөлшемді әдіснаманы қолдана отырып, сандық және сапалық зерттеу әдістерін үйлестірген. Сонымен қатар, радикалдану феноменін талдауда теориялық тұжырымдарды нақты өмірлік оқиғалармен (мысалы, «Жусан» операциясы қатысушыларының өмірбаяны мен сұхбаттары) байланыстырып, нәтижелердің шынайылығы мен ғылыми маңызын арттырды. Әрбір тұжырымның негізінде талдауға алынған нақты деректер, теориялық контекст және салыстырмалы бағалау жатыр, бұл зерттеудің әдістемелік тұрғыдан да, мазмұндық жағынан да ғылыми сенімділігін дәлелдейді. 7.1. Негізгі қағидағар толық дәлелденген. Диссертацияда ізденуші жасаған барлық ережелер толық айқындалған және зерттеудің нәтижесімен тұтастықты береді. 7.2 Әр ереже тривиалды емес саналады. Ізденуші әр ережені өзіндік ғылыми әдістерді қолданып тұжырымдаған. 7.3 Мейлінше жаңа. Зерттеу барысында ұсынылған негізгі ережелер қазіргі Қазақстан қоғамындағы мұсылман әйелдерінің діни бірегейлігін зерттеуде бұрын қолданылмаған авторлық тәсілдерге негізделген., Автордың діндарлыққа берген жаңа классификациясын, әйелдердің радикалдану кезеңдерін жүйелеуі және діндарлықты бес өлшемді құрылым арқылы сипаттауын атап айтуға болады. 7.4 Қолдану деңгейі кен. Жұмыстың ғылыми нәтижелерін гендерлік саясат пен
	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	діни сауаттылық, діни толеранттылық бағдарламаларын әзірлеуге теориялық-эмпирикалық негіз болады, сонымен бірге халықаралық салада да компаративтік зерттеулерге материал береді. 7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 11 ғылыми мақалада жарияланған, 2 мақала – Scopus деректер базасында индекстелген ғылыми журналдарда, 3 мақала – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда және халықаралық конференция материалдарының жинақтарында, оның 1-і шетелде жарияланған. Жарық көрген мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.
		8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия;	Диссертацияның әдіснамалық деңгейі өте жоғары. Автор феноменологиялық тәсіл арқылы әйелдердің діндарлығының себептерін ашуға, герменевтикалық әдісті қасиетті мәтіндерді түсіндіруде, компаративистік әдісті діндарлар арасындағы діни бірегейлікті салыстыруда, типологиялық әдісті діндарларды топтастыруда, тарихи әдісті әйелдердің діндарлығының даму тарихын зерттеуде қолданғанын дәлелдеген. Сонымен қоса, әлеуметтанулық зерттеу жүргізуде автор сауалнама, сұқбағ алу әдістерін ұтымды жүзеге асырған.

	2) жок.	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок.	Диссертацияда компьютерлік технологияларды қолдану арқылы Автор діндарлық деңгейін өлшеу үшін дәстүрлі сауалнама форматынан шығып, бес өлшемді модель негізінде күрделі индикаторлық жүйе әзірлеген. Сауалнама деректері статистикалық талдау, кластерлік бөлу, корреляциялық байланыстарды анықтауда, архивтік деректерді жүйелеуде, визуалды контентті талдауда сандық кодтау әдістері пайдаланылған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок.	Зерттеу барысында ұсынылған теориялық тұжырымдар мен модельдер кен көлемді эмпирикалық зерттеулермен, нақты айтқанда сауалнама нәтижелері, тереңдетілген сұхбаттар, архивтік материалдар мен контент-талдаулар арқылы жан-жақты тексерілді. Мәселен, діндарлықтың бес өлшемді моделі респонденттердің діни тәжірибелері мен өзіндік идентификациясы арасындағы байланыстарды анықтау негізінде қалыптастырылып, статистикалық өңдеумен (кластерлік, корреляциялық талдау) расталды. Әйелдердің радикалдану кезеңдерін сипаттайтын авторлық модель нақты оқиғалар мен сұхбаттық деректерге сүйене отырып, тәжірибелік түрде дәлелденді. Сонымен қатар, киім үлгілеріне қатысты мәдени-діни ерекшеліктердің ара жігін анықтайтын тұжырымдар визуалды-эмпирикалық материалдарға (фотоархивтер, заманауи киім үлгілері) жүргізілген талдаулармен расталды. Осылайша, зерттеудің барлық теориялық қорытындылары жинақталған нақты деректер мен эксперименттік әдістер арқылы ғылыми негізде дәлелденіп, олардың нақтылығы мен сенімділігі қамтамасыз етілген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған	Диссертациядағы барлық ғылыми мәлімдемелерге отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін, талдау, салыстыру негізінде қол жеткізген. Бұл автордың қолданылған әдебиеттер тізімінен және мәтіндегі сілтемелерден көрінеді.

	/ расталмаған.	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертацияда қолданылған дереккөздердің барлығы тақырыпты толық ашуға өз үлесін қосқан. Жұмыстың кіріспесінде және териялық-әдістемелік негізін жазуда автор әдебиеттер шолуын жоғары деңгейде жасаған. Пайдаланылған әдебиеттердегі 228 дереккөз зерттеу тақырыбы бойынша белгілі ғылыми зерттеулер болып табылады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	Диссертацияның теориялық маңызын қазіргі Қазақстандағы мұсылман әйелдерінің діни бірегейлігі мәселесін дінтану мен әлеуметтанудың түйіскен тұсында қарастыра отырып, діни бірегейлікті талдаудың жаңа теориялық негіздерін қалыптастыруға үлес қосады. Зерттеу барысында жоғарыда талған діндарлықты сипаттайтын авторлық модель, сондай-ақ діндарлықтың сенім деңгейіне негізделген жіктемесі ұсынылған. Бұл теориялық тұжырымдар діндарлық феноменін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, оны жүйелі түрде зерттеуге арналған ұғымдық және әдіснамалық база ұсынады. Зерттеу нәтижелері ислами діндарлықтың гендерлік аспектілерін теориялық тұрғыдан зерделеуге арналған болашақ ғылыми жұмыстарға тірек бола алады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияда қол жеткізген нәтижелерді дінтанулық, әлеуметтанулық, саясаттану мен психология бағыттарындағы зерттеулерге негіз болады. Зерттеудегі радикалдану процесінің кезеңдік сипаттамасы мен әйелдердің әлеуметтік-психологиялық портреттері экстремизмнің алдын алу жұмыстарында, оңалту орталықтарының қызметкерлеріне практикалық бағдар ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, мемлекеттік білім беру, тәрбие жұмысы және мәдени саясат саласында практикалық маңызы үлкен деп бағалаймын.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Зерттеудің практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертацияның нәтижелері діни саясатты жетілдіруге, қоғамдық келісімді нығайтуға және әйелдердің діни өмірдегі ролін объективті бағалауға бағытталған тәжірибелік шешімдері осыған дәлел болады.
	1) толығымен жаңа;	
	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және Академиялық жазу сапасы:	Зерттеу академиялық талаптарға толық сай келе отырып, ғылыми стиль мен

	ресімдеу сапасы	1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	құрылымдық нақтылықты сақтаумен ерекшеленеді. Жұмыста терминология бірізді қолданылып, негізгі ұғымдарға теориялық анықтамалар нақты берілген, сонымен қатар отандық және шетелдік әдебиеттерге негізделген терең әдеби шолу жүргізілген. Теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық деректер логикалық жүйелілікпен баяндалып, дәйекті және ғылыми дәлдік сақталған. Пайдаланылған дереккөздер тізімі кең және заманауи, дәйексөздер мен сілтемелер академиялық этика мен плагиатқа қарсы талаптарға толық сәйкес келеді. <i>Диссертацияның жоғары деңгейін атап өте отырып, ұсынылатын кішігірім жетілдірулер бар.</i> <i>Диссертацияның кіріспесінде берілген ғылыми жаңалықтар саны жеті, ал ғылыми тұжырымдар саны тоғыз болуы сәйкессіздік тудырып тұр. Әр ғылыми жаңалықтың ғылыми тұжырымы болуы диссертациялық жұмыстың талаптарының бірі болуы керек.</i> <i>Жұмыста сандық стандартты бірізділік болғаны дұрыс. Кей жерде ондық бөлгіш ретінде (2.9 млрд, 3.1 млрд) пайдаланылып, басқа жерлерде (70,2 %, 69,3 %) қолданылған. Оларды бірізді ету мәтінді оқуды жеңілдетеді.</i>
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 2 мақала – Scopus деректер базасында индекстелген ғылыми журналдарда, 3 мақала – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жарық көрген. Барлық мақалалар талапқа сай орындалған. Female religiosity in post-secular society: Islam in Kazakhstan // Central Asia and the Caucasus - Volume 22, Issue 2 (2021) - P. 174-188 Автор Қазақстанның әр аймағындағы, әртүрлі жастағы әйелдер арасында онлайн сауалнама бойынша ғылыми тұжырымдар жасаған. Feminisation of extremism as a socio-psychological phenomenon // Space and Culture India - Volume 12, Issue 2 (2024) - P. 22-40 DOI: https://doi.org/10.20896/saci.v12i03.1508 Бұл зерттеуде сотталған әйелдермен сұхбаттар талданған және экстремистік идеология ықпалына түскен әйелдің портреті жасалып, өзіндік қорытындылар жасалған. 1. Мұсылман әйелдерінде діни біртектіліктің қалыптасу процесінің ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, Мәдениеттану, Саясаттану сериясы, №2(60),
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін		

зерттейді)	2017 – 94-105 бб. Мақалада заманауи мұсылман әйелдердің өміріндегі хиджабтың діни таңдау еркіндігі мен тұлғалық ерекшеліктерін көрсететін белгі ретіндегі орны анықталған. 2.Экстремизмнің феминизациясы әлеуметтік феномен ретінде (исламизмнің мысалында) // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, Мәдениеттану, Саясаттану сериясы. – №3(61), 2017 – 84-93 бб. Мақалада экстремизмнің феминизациясының заманауи тенденциялары және оның себептері, салдары және оның алдын алу жолдары туралы зерттеу жүргізілген. 3.Қазақ мұсылман әйелінің әлеуметтік бейнесі: ретроспективасы мен қазіргі жағдайы // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия, Мәдениеттану, Саясаттану сериясы. – №2(64), 2018 – 34-48 бб. Мақалада мұсылман әйелінің әлеуметтік бейнесіне қатысты эксперттердің сұхбаттары саранталады. Қазақстандық мұсылман әйелдің бірегей әлеуметтік портретінің болмайтындығы, әр діндардың ерекше тұлға екендігі және болашақта қазақстан қоғамында исламдық бірегейліктің таралуы туралы тұжырым беріледі. 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Болысбаева Айнура Канапиенаның «Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» атты диссертация жұмысы тақырыбы өзекті, мақсат-міндеттері толық орындалған, жоғары деңгейде ғылыми жаңалығы бар, теориялық және практикалық зерттеу нәтижелерімен дінтану ғылымына үлес қосатын зерттеу. Осыны дәлелдемелерге сүйене отырып, Болысбаева Айнура Канапиенна 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп есептеймін.
13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	

Ресми рецензент:

ҚР ҒҖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
дінтану орталығының жетекшісі, PhD


(қолы)

Шажырбай Алмасбек Дүйсенбекұлы

